

Кенешілер қаласында бір жақсы шара өтейін деп жатыр деген хабар елді елең еткізген. 2014 жылғы 7 қарашада Қарағанды «Болашақ» университетінде белгілі ақын, әдебиет зерттеушісі Бүркіт Ысқақовтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Артымда бар ел-жұртым, Жоқтайтұғын менің де!» атты еске алу кеші өтеді деген.

Кешке Алаш жұртшылығы, оның ішінде ақынның жерлестері-қарағандылықтар, зиялы қауым қатысады-мыс.



# ҰЛТ ТҮЛҒАШЫСЫ

## ҰЛТ ТҮЛҒАСЫН ҰЛЫҚТАУ КЕШ ӨТКІЗУМЕН БІТПЕЙДІ...

Бүркіт Ысқақов...

Бұл - қазақ арыстарымен қатар аталатын есім!

Бұл - Әлихан Бөкейхановпен, Ахмет Байтұрсынұвпен, Жақып Ақбаевпен, Әлімхан Ермековпен қатар аталатын есім.

Бұл - кешегі кеңестік тар заманда қалғып кеткен барша қазақ баласын ұйқыдан селт еткізіп оятқан есім.

Ол да мыңға қарсы тұрған тұлға!

Кешегі Әлекендер Алаш партиясын құрды!

Бүркіт «ЕСЕП» партиясын-елін сүйген ерлер партиясын құрды!

Бұл ұлт мүддесін бөрінен де жоғары қойған партия болатын.

Есептіктер 5 миллион қазақтың мүддесін 250 миллион советтіктердің мүддесінен жоғары қойды!

Жиырмаға іліккен жасында ширек ғасырға қаторға айдалған қазақ некен-аяқ! Соның бірі - Бүркіт Ысқақов!

Ол айтарын ашық айтты!

Уа, Азия, ұлысың,

Ұлылығың құрысын.

Құрысын демей не дейін,

Еуропаның құлысың!..

Бұл от шайнау еді. Бұл жалын түкіру еді.

Ақын ҚарЛАГ-та отырды, ақын СтепЛАГ-та отырды!

Жай отырған жоқ. Ол да «Моабит дәптерін» әкелген Мұса Жәлил сынды түрме жырларын әкелді. Әрідегі Шортанбайдың зындан, берідегі Мәдидің абақты жырлары осылайша өзінің заңды жалғасын тапты.

Кейінгі басылымдарында Азияны Үндістанмен алмастырды. Алайда одан өлеңнің мазмұны өзгерген жоқ.

Біз бақытты ұрпақ едік. Біз Айтбай Нәрешевтен дәріс алдық. Ал Айтбай Нәрешев Бүркіт аға Ысқақовты оқытқан болатын.

Айтбай ағаның алашшыл інісі Рамазан аға да осы Қарағандыда тұрды. Сол кісінің қолына су құйғанды бұйырмас бақыттай көретінбіз. Ағайынды Әкімбек, Дәулетбек Әкімбековтер осы «Орталықта» қалам қайраттарын танытты емес пе?! Жаппар Өмірбек, Оңайбек Құдышұлы ағаларымыз өз алдына жатқан бір-бір мектеп еді-ау!..

Айтбай ағамыз Бүркіт ағаның қанды көйлек жолдасы Махмет Темірұлын да оқытқан!

Бүркіт аға тұрған жерде міндетті түрде Махметағада тұрады!

Айтбай аға Бүркіт ағаның осы «Үндістан ұранын» асықпай бабымен жат *Әл-Билтын*.

Ал біз болсақ, іштей ілесіп отырар едік.

Ұстазымыз «Үндістан...» деп аузын аша бергенде, біз «Қазақстанды» қойып үлгеретін-біз-ді.

Әсіресе:

О, Үндістан, ұлысың,

Туды бүгін ұлы сын!

Оят, тұрғыз ұйқыдан,

Ұлдарыңның тірісін!..—

деген жолдар оқылғанда ішімізге ит түсіп кеткендей қыңсылап қалар едік.

Біз жиырмаға жетіп қалғанбыз. Біздің жасымызда ағаларымыз орыс орманына ағаш аралауға аттанған. Ал, біз Қарағанды қаласында қазақша сөйлеуге жарамай жүрміз.

Алдымызда тұрған ұлы сынның барлығын жан-тәнімізбен түйсінеміз. Сол күнді неғып жақындатпасқа?

Мына іргеде жатқан Нілдіні революция бесігі деп әспеттеп жатамыз.

Қарағанды да сондай бесік емес пе? Қарағандыда «ЕСЕП»-тің екінші толқыны өткен жоқ па?

Осыған дейін елді қайдағы бір баптармен соттап келген кеңестік қызыл машина Кемел Жүністігі ағамызға келгенде басын маңдайшаға ұрғызғандай қалт тоқтаған жоқ па? Саяси айыптау тағып, Қарағандының азаттық бесігі екендігін мойындады емес пе? Кәрім Сауғабай, Мақсым Омарбеков, Рымқұл Сүлейменов, Ергали Есімғалиев және басқалары репрессиялық жазалауларға ұшырады. Алайда оларды соттамады. Осылайынша қызыл империяның өзі Қарағандыда азаттық мектебінің барлығын мойындады. Олардың соңынан бақылау қойылды. Өле елгенше олар үш әріптің бақылауында болды.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында біз шықтық. «Жас қазақ» болып. Бізді оқудан шығарып, комсомолдан шеттетті.

Бүркіт Ысқақовтың ескерткіші неге орнатылмайды деп сұрау салмаймыз?

Бүркіт Ысқақовқа неге бір мектеп бұйыртпаймыз?

Айта берсек сауал көп.

Бүркіт Ысқақов жөнінде әңгіме қозғалса, оның ақындығын, ғалымдығын көлденең тартамыз. Алдымен рух мақтаншы емес пе?! Ұлттық тұлғамыз емес пе?

Ендеше құрғақ кеш өткізгеніміз қалай болады.

Әлде Бүркіт аға Қарағандының ғана ұланы ма еді?!

Мен тұрған Ақадырда Нариман Ысқақов тұрды. Бүркіт ағаның бауыры болады. Ол кісі де кесек тұлға еді. Бар саналы ғұмырын балалар тәрбиесіне арнаған адам. Кейінде аудандық оқу бөлімін басқарды.

Ол кісі де ақынжанды еді.

Ол кісі де ұлтжанды еді.

Сол ағамыз айтып отырушы еді:

- Бүркіт ағам арманын өзімен бірге ала кетті, - деп.

Ол кісінің армандаған күнін біз көріп отырмыз. Өткенімізге құрмет жасасақ, ең алдымен,

### КӨКМӨЛДІР

*Жағасында Нұраның  
Жер бар, аты - Көкмөлдір,  
Болғанмен бірі жыраның,  
Суы қандай мөп-мөлдір!*

*Бойы - бітік бетеге,  
Жасыл құрақ - жағасы,  
Төскейі - гүл текемет,  
Балдан тәтті ауасы.*

*Халық, сүйген қарт Қайып,  
Осы жерде туыпты,  
Ақын Сәкен жантайып,  
Суына бетін жуыпты.*

*Атам соны қоныс қып,  
Мен де сонда туыппын.  
Сонан маған ол ыстық,  
Сондықтан да сүйіктім!*

### ҚАРАҒАНДЫ - МЕКЕНІМ

*Қарағанды - атақоныс, мекенім,  
Әлемге әйгі кен ордасы екенің,  
Елдігіңе, ерлігіңе жұрт риза,  
Қайда жүрсем, саған тағзым етемін.*

*Ұлан-асыр мұхитындай көмірдің  
Жалын атты сенде де оты өмірдің,  
Көркем көше,  
көрікті үйлер сән құрған,  
Қайда жүрсем, қуанышы көңілдің!*

*Сан жарыста оза шауып, ерледің,  
Ешқашан да қолдан намыс бермедің,  
Байқоңырдан  
аттандырып ғарышқа,  
Құшаққа алдың космостың да ерлерін.*

*Мол қазынаң - мерей елге, жан ана,  
Ендірмекиі сән-салтанат қалаңа.  
Еңбек етіп, бақыт тапқан ерлерім,  
Әкелмекиі ырыс-байлық далаңа.*

*Қарағанды - абзал, алтын бесігім,  
Кетсін тағы әлемге бір есімің.  
Далаң қандай дархан болса, мекенім,  
Достарыңа қашанда ашық есігің.*

ұлт тұлғалары Бүркіт Ысқақов бастаған Махмет Темірұлына, Жаппар Өмірбекке, Кәрім Сауғабайға, Рымқұл Сүлейменге, Зейнолла Игілікөв ақынға және басқаларына жасайық.

Әрине, жоқтан бар жақсы. Қалай дегенде ұлт ұраншысының атаулы күнін атап өтетініміз анық. Тек, жаңаша атап өтейік. Ат шаптырып керегі жоқ. Кітабын шығарайық. Шығарған кітабын жас өскіннің жүрегіне жеткізейік.

Біз - кетіп бара жатқан ұрпақпыз. Келе жатқан ұрпағымыз рухты болсын десек, олар Бүркіт ағаның «Үндістанын» жатқа білуге тиіс!

Ұлт ұраншысының туған күнін жыл сайын атап өту қажеттігі бар.

Сол аяда Махмет ағаның күндерін өткізейік. Кәрім ақынның ұлт ұйыстыратын өлеңдерін оқиық. Рымқұл Сүлеймен оқуларын ұйымдастырайық!

Айта берсек әңгіме көп.

Соның ең бастысы, жастар жүрегінде жүрген Бүркіт ағамызды өлтіріп алмайық. Ұлт ұраншысының тойын ел көлемінде лайықты атап өтейік.

*- Жастарды айдап ұрысқа,  
Қарттарды айдап жұмысқа,  
Отырғаны фашистің,  
Ойлаңдаршы, дұрыс па?  
-Жоқ,  
-Жатпайды бұл дұрысқа.  
-Жатпаса егер бұрысқа,  
Барма, жастар, ұрысқа!  
Барма, қарттар, жұмысқа!*

*Жасқанбай қамау, соттан да,  
Тайсалмай дардан, оқтан да,  
Ұлдары Марат елінің.  
Келді осы тоқтама!*

### ҮНДІСТАН ҰРАНЫ

*(М. Гандидің аузынан)  
Үндістан отанышылдары ағылшын отаршылдарына қарсы ерлік күреске аттанды. Бұл күресті Махатма Ганди бастады.*

*(1948 жылғы газеттен)*

*О, Үндістан, ұлысың,  
Ұлылығың құрысын!  
Құрысын демей қайтейін,  
Ағылшынның құлысың!  
Ғасыр бойы қаналып,  
Тарылуда тынысың,  
Тайып бақыт басыңнан,  
Кетті қолдан ырысың.*

*О, Үндістан, ұлысың,  
Ұлы өлкенің бірісін,  
Жалпағынан басыпсың  
Дуниенің Шығысын.  
Есептесең, ерен көп  
Шығысыңнан кірісің.  
Бір өзіңе жетерлік  
Бақыт, байлық, ырысың.*

*О, Үндістан, ұлысың,  
Туды бүгін ұлы сын!  
Оят, тұрғыз ұйқыдан  
Ұлдарыңның тірісін!  
Отаршылдық бұғауы  
Қиратылсын, үзілсін,  
Қанаушылық қамалы  
Талқандалсын, бұзылсын.*

## ТУҒАН ЕЛГЕ

*Жүрсем де кең дүниенің қай жағында,  
Мейлі Фин, мейлі Корей аймағында.  
Шығармай түнде түстен,*

*күндіз естен,  
Туған ел, тек бір сенсің ойларымда!*

*Иіінде эскери сап, қалың қолда,  
Аттаныс, алыс сапар, ауыр жолда,  
Жүрсем де қилы-қилы жорықтарда,  
Туған ел, ту деп білдім сені онда.*

## ПАРИЖ КӨШЕСІНДЕ

*Неміс фашистері қанша айдап  
салса да, француз патриоттарының  
Совет Одағына қарсы соғысқысы  
келмейді.*

(1942 жылғы газеттен)

*Париж. Эйфель алаңы.  
Жиналған қала адамы.  
Сөйлеп тұр шешен мінбеде,  
Жаңғыртып бүкіл ауаны.*

## ҰМЫТҚАМ ЖОҚ, ӘЛІ ЕСІМДЕ

*Ұмытқам жоқ, әлі есімде  
Сталинград шайқасы.  
Батыр қала іргесінде  
Жаудың ойран айқасы.*

*Сол сұрапыл қанды ұрыста  
Түн түндігі түрілген,  
Күн күлімдеп Күншығыстан,  
Таң шапағы білінген*

*Сол сұрапыл қанды ұрыста  
Біздің ерлік танылған,  
Әрбір көше, әр бұрышта  
Жеңіс дабылы қағылған.*

*Омырауды оққа төсеп,  
Мен де оған қатысқам  
Тас көшесін еттім төсек,  
Менен де аққан қасық қан...*

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасында біз шықтық. «Жас қазақ» болып. Бізді оқудан шығарып, комсомолдан шеттетті.

Бүркіт ағаның жалғасын бұлайша жусату мүмкін емес еді. 86-ның желтоқсанында Қарағандының қыбырлаған барша жасы мен студенті көтерілді. Кешегі Ерғали Есімғалиев ағаның қызы Назым қарындасымыз атойлап, елді соңынан ертті.

Бұл не?

Бұл - ұлт тұлғаларының ұлтына деген сүйіспеншілігінің сарқылмағаны.

Ал сол ұлт тұлғаларына деген біздің сүйіспеншілігіміз қалай? Рас, ақынның қызы Айгүл Ысқақ жүгіріп жүр. Рас, ұлт жанашырларының бірі Нұрлан Дулатбеков артында қалған мұрасының жарық көруіне себепкер болып жатыр. Қалғанымыз ше?

Бүркіт Ысқақовқа неге көше берілмейді деп ыр-пыр болмаймыз?